



Тарихқа кері шегіне-тін болсақ, осыдан 23 жыл бұрын елдік-тін бастауы болып табылатын ең негізгі құжат қабылданды. Ұзақ мерзімді қызу жұмыстар нәтижесін беріп, еліміздің Ата Заңы өмірге келді. Адам және азамат құқықтарының қорғалуын негізге алған Конституция-мыз – бүгінде әлемдегі ең белді дегендерінің бірі. Сонау- қыпшақ халқындағы «Кодекс Куманикус», «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты заңдар жинағынан бастау алған бұл құжаттың тұрақтылықты нығайтып-, халықтың әл-ауқатын жақсартудағы және демократияны дамытудағы ролі орасан. Алайда бүгінгі күні адам құқығы қаншалықты қорғалып жүр? Ашық-андар мен әділетсіздікке тап болғандарға Конституцияның көмегі тиюде ме?

Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкілге «құқығымыз тапталды» деген адамдардан түсетін өтініштер мен шағымдар жыл сайын көбейіп келеді екен. Мысалы, уәкілге 2017 жылы барлығы 1331 шағым (2013 жылы – 1097, 2014 жылы – 1087, 2015 жылы – 1090, 2016 жылы – 1070) түскен. Оның 143-і ауызша болса,- қалғаны – жазбаша. Ал жалпы арыздардың 1176-сы жеке адамдардан түсіпті. Сараптама нәтижесі көрсеткендей, уәкілге Астана, Алматы, Қарағанды және Қостанай облыстарының тұрғындары жиі шағым-данатын болып шықты. Ал арыз-шағымдардың ең көбі өткен жылдардағыдай құқық қорғау органдарына қатысты екен. Кей сарапшылар «азаматтар тергеуші-лердің жұмысына көңілі толмай, соларға қарсы жиі арызда-нады» дейді. Күнделікті өмірде де қылмысқа қатысы бар деп ұсталынған күдіктіні «тергеушілер қинапты, ұрыпты, қылмысты жасамаса да мойнына алғызып-ты» деген әңгімені жиі естиміз.

Жасырып не керек, мұндай жағдайлардың шын мәнісінде болғаны да рас. Алайда сонғы уақытта ашылған «Тергеу» соты тергеу әрекеттеріне шағым білдіруге мүмкіндік тугызып отыр. Қылмыстық іс бойынша он-тайлы өзгерістің енуі елімізде құқық саласының дамып келе жатқандығын қорсетсе керек. Қылмысты қудалау, прокуратура органдарының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары барысындағы әрекеттеріне шағым білдіре алатындығымыз – адам құқығын қорғауда қолға алынған жұмыстардың бірі. Қазіргі таңда осы мәселеге қатысты шағымдармен жұмыс істеп жатқандарын айтады адвокаттар.

Мойындағанымыз жөн, қол жағдайда құқығымыз өзіміздің сауатымыздың аздығынан, заңды жетік білмегенді-гіміздің салдарынан тапталып жатады. Мысалы, қолік тізгіндеп келе жатқанда қарапайым ғана ЖПП қызметкері тоқтатса, қызметкердің келуін құтуды бірі білсе, бірі білмей жатады. Кейбірінің, тіпті, алып-шып жүгіріп барып, жол сакшысына жалпақтап әлек болатыны да рас. Бір қарағанда, сыйластықтың белгісі деуі-ніз мүмкін. Дегенмен қолікте құтіп отырғаныңыздың өзі заң білетінін қорсететінін ұмытпаған жөн. Одан қалды, ЖПП қызметкері кезекшілікке шыққанда қызметтік қуәлік немесе тос ерекшелік белгісін ұсынуы тиіс. Осы бір қарапайым ережелерді қолік тізгін-десеніз, естен шығармаған абзал. Одан әрі не себепті тоқтатты, қуәгерлерінің бар-жоғын сұрай келе, мәселені оңай шешуге болады. Бір жағынан, ақшасыз шешілген жағдайдан кейін ЖПП қызметкерлері «пара алады екен» деген секілді әңгімелер айтылып, шағымдар түспейтін болады.

Тағы бір айта кетерлік жайт, қазір басында несиесі жоқ адамды кездестіру қиын. Той жасасак та, үйімізге жолдеу жұмыстарын жүргізсек те, банкке жүгініп жатамыз. Қысылғанда, қолемке келер несиенің кейін жылап қайтарын біле тұра, алмай-қоймаймыз. Оқініштісі сол, тіпті, банк ұсынған келі-сім-шартты толығымен қарап шығуға уақыт таппаймыз не неқв-райдылық танытамыз. Мұны мойындағанымыз жөн. Басты қателігіміз де – сол. Тек автоматты түрде қолымызды қойып, ақшаны алуға асығып жатамыз. Құдды тегін келген дүниедей. Адамдардың осындай салғырттығының соны қолбіне өздерінің опық жеп, бармақ тістеп қалатын жағдайға жеткізіп жатады. Мысалы, еліміздегі кей банктер 2012 жыл мен 2016 жылдың 1 шілдесі аралығында өздерінен несие рәсімдеген клиенттерінен заңсыз ұстанымдар ұстап келген екен (несие пайызынан болек. - **ред**). Адвокат- Мейрбек Даубалаев араға бірнеше жыл салып құқық-тарының тапталғанын білген тұрғындар бүгінде сол ұстанымдарды сот арқылы қайтарып алып жатқанын айтады.

*– Барлық банктер емес, санаулы банктер ғана. Солар 2012 жыл мен 2016 жылдың 1 шілдесі аралығында Ұлттық банк Ережесінде көзделмеген комиссиялық ұстанымдар жүргізген. Мұның қызығы, 2016 жылдың 1 шілдесінен бастап бұл ұстанымдар заңдастырылады. Яғни осы қүннен кейінгі келісімшарттарды сотқа берсеніз, сіз*

*акшанызды қайтарып ала алмайсыз. Оған дейінгі аралықтағы, яғни заң шықпай тұрып ұсталынған соманы қайтаруға мүмкіндік бар, - дейді ол.*

Қазақ қоғамында, жалпы қай кезде болмасын атадан қалған дүние-мүлікке оның ұрпағы ие болып қалған. Алайда заманның өзгергені мен, әлде адамзаттың пайылының бұзылғаны ма, бүгінде сол мүлік үшін туган бауыр-лардың араздасып, соттасып жүргендері көп. Несін жасырамыз, анасын да сотқа сүй-ре-гендер жетіп артылады. Өнше-йінде, тату-тәтті өмір сүріп келген ағайынның қу дүние үшін бір сәтте бір-біріне жау атанып, әрқайсысының өз құқығын алға тарта кететін кез-де-рі болып тұрады. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Бірі бұл мәселені өзара шешсе, екінші-лерінің жаға жыртысып жүргеніне кім кінәлі деп қаласын?! Тіпті, ұтылған екінші тарап соттың шешімімен келіспей, «әділетсіздік орнады» деп айта-тынын қайтерсін. Дәл осы сот шешімдеріне келіспеген арыздар саны Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкілге түсетін шағымдар ішінде екінші орында тұр екен. Алайда заң бойынша ешкімнің судьяның жұмысына араласуына құқы жоқ. Десе де, өсиет қалдыру арқылы мәселені оң шешуге болады.

*– Бізде қоғамдық санамыздың соған әлі келмегендігі болу керек, өсиет қалдыру ерсі көрі-неді. Тірі тұрған ата-анамыздың өлімін тілегендей боламыз. Бір сөзбен айтқанда, ұяламыз. Егде жасқа келген ата-әжелеріміз де осы мәселеге немқұрайды қарап жатады. Негізінде, бұл әлемдік тәжірибе бойынша ешқандай ұят нәрсе емес. Өмір бар жерде, өлімнің де бары рас ғой. Ешкім бұл өмірде мәңгілік емес. Сол себептен өсиет – өте жақсы нәрсе. Себебі ол алдағы уақытта даудың алдын алуға көп көмектеседі. Бүгінде туган ата-анасы мен балаларының да соттасып жатқанын көріп жүрміз. Сол себепті, менінше, осындай дау туындамас үшін атындағы мүлкін өзі қайтқан жағдайда кімге тиесілі екенді-гін шешіп, өсиет қалдырғаны дұрыс. Ал егер қалдырылмай қайтыс болып кетсе, онда бұл жағдайда ҚР Азаматтық Ко-дек-сінің 1061, 1062, 1063-баптарында көзделген 1, 2, 3-ші кезек-тегі мұрагерлерге беріледі. Ол жерде 1-ші болып заң бойынша балалары алады. Оның ішінде қайтыс болғаннан кейін де тірі туган балалары саналады. Мысалы-, әйелі жүкті болып, ішінде баласы қалса деген секілді. Сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы және ата-анасы 1-ші кезектегі мұрагерлерге жатады. Бұлар мүлкті тек үлеспен алады. Егер бұл мұрагерлер жоқ болатын болса, онда 2-ші кезектегі, олар бол-маған жағдайда 3-ші кезектегі мұрагерлерге беріледі, - дейді адвокат М.Даубалаев.*

Көп заңдар халықаралық стандарттарға сәйкес болғанымен, тәжірибеде бұзылып жата-ды. Бұл – ащы ақиқат. Мысалы, қарапайым ғана Конституцияның 20-бабын алып қарайық. Мұнда «Соз және шығармашылық бостандыққа кепіл беріледі. Цензураға ты-йым салынады» делінген. Ал шын мәнісінде, төртінші би-лік саналатын журналистердің де өз ойын еркін жеткізуіне көп кедергілер бары отірік емес.

– Мәселен, журналистер Конституцияның 20-бабы «Сөз және шығармашылық бостандықты» өзінін кәсіби қызметінде толыққанды пайдалануы керек. Бірақ олар пайдаланып, сол кәсіби қызметін атқарып жүрген кезде, көптеген кедергілермен бетпе-бет келіп жатады. Кейбіреулер журналистердің үндетпеу мақсатында, неше түрлі айдаларға барады. ...Көбінесе адамдар реніштері қанағаттандырылмаса, сотқа береді. Сондай-ақ, менен кешірім сұрасын деген мәселелерді де айтады. Негізінде, сот кешірім сұрата алмайды. Сот тек ғана терістеме шығаруға мәжбүрлейді. Сосын екінші бір нәрсе – ренжулі, ашынған адамдар журналистерді сотқа беріп жатқанда, олар ақшалай талап қояды, моральдық залал деп. Моральдық залалды ойдан шығарып алып талап етіп жатады. Ешнәрсесі кетпесе де, 10, 20, 100 миллион тенге өндіргісі келеді. Біздің заң «қанша қойсаң да, өз еркінде» деп қараса да, саналы адамның өзінін бір мөлшері болу керек деп ойлаймын. Мәселен, мен күйзелдім, сосын дәрігерге бардым. Невролог маған мына дәріні жазып берді, осыны алып іштім. Сол дәріні өтейсін десе, жөн. Бізде моральдық залал деп ешқандай мөлшерге сыймайтын, ешбір қысымға келмейтін, санаға кірмейтін соманы талапкерлер қойып жатады. «Сөз бостандығы, шығармашылық бостандығына кепілдік берілген, құқығы сақталады» деп Конституцияда айтылғанымен, бұзып жүрген адамдар көп. Олар журналистікке, жалпы сөз бостандығына қарсы жұмыс істейді, - дейді «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қорының сарапшысы Галия Әженова.

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында «Бір адамның құқығы тапталса, барша Қазақстанның құқығы тапталып жатыр» деп есептеу қажет» деген болатын. Шын мәнісінде, қай құқық қорғау органына барсаңыз да, ашынған ана, алданған жан, әділдікке қол жеткізе алмаған адамды қорғайсыз. Заңды белден басқандардың құрбаны болған халық елде әлі де болса адам құқығы қорғалмайды деп ойлайтыны сөзсіз. Десе де, әр адам заң талаптарын өзі орындап, материалдық дүниелерді бірінші орынға қоймай, бойындағы құнды қасиеттерінің жойылуына қарсы жұмыс істемесе, кінәні өзгеге артпауды білсе, құқығы тапталғандардың қатары азаяр еді.

**Жансаяқ ЖҮНІСОВА**